

URL: <http://www.if.tsu.ru/Sokol/USA4.htm> (дата обращения: 31.10.2021).

4 Школа общественного дипломата URL: <http://nadmirom.ru/2011/06/shkola-obshhestvennogo-diplomata/> (дата обращения: 31.10.2021).

5 Общественная дипломатия Российской Федерации и мировой опыт: Стенографический отчет о первом расширенном заседании Комиссии по международному сотрудничеству и общественной дипломатии Общественной палаты РФ URL: http://nsn-group.ru/index.php?option=com_content&task=view&id=41&Itemid=34&limit=1&limitstart=7 (дата обращения: 31.10.2021).

6 Зюнова Т. Публичная дипломатия и ее акторы URL: http://russiancouncil.ru/inner/?id_4=681#top (дата обращения: 31.10.2021).

7 Медведева Т. И. Основные методы и формы гражданской дипломатии в современном политическом процессе // Власть. 2017. № 4.

БЕРЛИН ДАҒДАРЫСЫ ЖӘНЕ ГЕРМАНИЯНЫҢ БӨЛІНУІ

Стамбулов С.Б., PhD, қауымдастырылған профессор,

Ильмеева Р.Х., магистрант

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы көптеген саяси, экономикалық және әлеуметтік проблемаларды тудырып әлемнің жаңа құрылым жүйесін орнатқаны белгілі. Осы себептен, соғыстан кейінгі өзекті мәселенің бірі болып Германияның ішкі ара қатынасын реттеу болды. Барлық жеңімпаз державалар Германияның бөлуіне алаңдатушылық танытты, себебі бұл үрдіс Еуропаның екіге бөлуіне алып келуі мүмкін деген болжам жасалды.

Германияның бөлуінің негізгі бастамашысы болып – Вашингтон кеңесінде (1941 ж., желтоқсан), Тегеран конференциясында (1943 ж. Қараша қарастырылды болды. КСРО, АҚШ және Ұлыбритания Германияны бөлу туралы шешім қабылдады. Германияны толық қарусыздандыруды, демилитаризациялауды және бөлшектеуді көздеді [1].

1952 жылы 10 наурызда Кеңес үкіметі Германияны біртұтас демократиялық және бейтарап мемлекет ретінде біріктірудің жоспарын ұсынды. Батыс державалары бұл жоспарды жоққа шығарды. 1954 жылы Берлинде өткен Сыртқы істер министрлерінің жиналысында біртұтас демилитаризацияланған Германияны құру туралы идеядан бас тартты. Осылайша, неміс мәселесі ұзақ уақыт бойы шешілмей, "Берлин дағдарысына" алып келді.

1945 жылы Берлинді нацистік Германияға қарсы бағытталған әскери одақтың бірлігін білдіретін "үлкен төрттік" әскерлері (КСРО, АҚШ, Франция, Ұлыбритания) басып алды. 1948-1949 жылдары Кеңес Одағы қаланың батыс секторларын қоршауды ұйымдастырды, осылайша Шығыс пен Батыс арасындағы қарым-қатынасты ушықтырды.

1945 жылы күзде батыстық үш держава Германияны бөлшектеудің жоспарын алға тартты. Алайда аталмыш үш держава және КСРО-ның позициялары екітүрлі болды. Кеңес одағы Германияның бейбіт келісімге келу туралы келіссөздерді жақтаса, оның батыстық қарсыластары шарттардың ауыстыруды талап етті. Алдымен еркін демократиялық сайлау негізінде Бірлескен Германия үкіметін құруды, содан кейін ғана бейбіт келісім жасауды ұсынды.

Германияның бөлінуі бойынша Батыстың кез-келген әрекеті Кеңес Одағының жауапты әрекетімен қатар жүрді. 1947 жылы Американдық және ағылшындық оккупация аймақтары Бизонияға біріктірілді. 1948 жылы маусымда Берлиннің Батыс оккупация аймақтарында және секторларында ақша реформасы жүргізіліп, 1949 жылы сәуірде Франция англо-американдық аймаққа қосылып, Тризония құрылды. В.Семеновтың естеліктерінен: " Сталин неміс халқын ұлы ұлт деп есептеді. Германияның бөлінуі алғашқы уақытта Сталин үшін жақсы жаңалықтардың бірі болды. Алайда көп ұзамай Сталин Германияны бейтараптандыруды және демилитаризациялау идеясын қолдады. Сталинның есебі бойынша: бүкіл Еуропа Германияның бірігуіне қарсы болса, ал Сталин немістердің бірлігін қолдай отырып Батыстың позициясына қарсы шықты. Сталин Германияны Батысқа қарсы қойып, өзіне жаңа одақтас іздеді. Сталин ГДР-дың құрылуын сөз жүзінде ғана жақтады, іс жүзінде Германияның бірігуін жақтады [2].

Осылайша, 1945 жылы Потсдамдағы кездесуде Сталин, Рузвельт және Черчилль Германияны төрт оккупациялық аймаққа бөліп, төрт жақты басқаруды орнатты. Бұл келісім Кеңес Одағы, АҚШ, Англия

және Франция Біріккен Германия мемлекетін құрылғанға дейінгі күшінде қалуы керек еді.

1949 жылдың қыркүйегінде Батыс оккупациялық аумағында жаңа мемлекет – Германия Федеративтік Республикасы пайда болды. Сол жылдың қазан айында Сталин Германия Демократиялық Республикасын құрды.

ГФР құрылуымен бір мезгілде 1949 жылғы 21 қыркүйекте АҚШ, Англия және Франция үкіметтері әзірлеген оккупациялық статут күшіне енді, ол ГФР-дағы жоғарғы билікті державалар сақтап қалды. Потсдам конференциясындағы шешімдерді жүзеге асырудан Франция, АҚШ Ұлыбритания үкіметтері бас тартты.

Германияның батыс оккупация аймақтарында демилитаризация және денацификация іс жүзінде жүзеге асырылмады.

Кеңес Одағы бүкіл неміс халқымен достық қарым-қатынасты дамытуды қолдады. КСРО мен Германия арасындағы қатынастарды қалыпқа келтіріп Еуропадағы бейбітшілікті нығайту мақсатында, екі ел арасында дипломатиялық, сауда және мәдени қатынастарды орнатты. 1955 жылдың қыркүйегінде екі үкімет дипломатиялық қатынастар орнату және елшіліктер құру туралы хаттарымен алмасты.

Батыс державалары КСРО мен басқа социалистік елдерге қарсы өз мүдделері пайдалану үшін неміс милитаризмін жандандыруды мақсат етті. КСРО Батыс елдерін өзіне әскери қарсылас ретінде қабылдады [3]. Батыс державаларының оккупациялық билігі батыс неміс буржуазиясының экономикалық және саяси ұстанымдарын қалпына келтіруді көздеді. Монополистік капиталды қолдайтын партияларды құрды. Сонымен қатар ГФР-да монополистік капиталды дамытатын мемлекетті аппаратты құрды. Құрылған мемлекеттік аппарат арқылы мемлекетте орнаған жағдайды бақылауға алып отырды. Батыс державалары ГФР дағы Социалистік біртұтас партияның жұмысына тыйым салды. Бұл саясат коммунистер мен социал-демократтардың бірігіуіне кедергі жасады. Жұмысшы топтарында пролетарлық ұйымдарды қайта құру қолға алынды. Германияның екіге бөлінуі жұмысшы топтарының қозғалысын едәуір қиындатты. ГФР дың конституциясында азаматтардың негізгі демократиялық құқықтары ресми түрде жарияланды. Ол бойынша ерлер мен әйелдердің заң алдындағы теңдігі, жеке бас бостандығы, сөз бостандығы және т.б пункттер бекітілді.

ГФР құрылғаннан кейін Батыс державалары әскери-өнеркәсіптікті қалпына келтіріп, оны қаруландыруға кірісті. Канцлер Конрад Аденауэр ГФР-дың ремилитаризация жоспарларын жүзеге асыру үшін барлық күшін салды. Аденауэрдың канцлерлік қызметі кезінде ГФР-дың соғыс салдарынан кейінгі қалпына келтіру жұмыстарын жандандырды. 1950 жылы тамызда ол американдық жоғарғы комиссарға меморандум ұсынды, онда "Батыс Еуропа армиясы құрылған жағдайда неміс контингенті түрінде үлес қосуға дайын екенін мәлімдеді". Батыс державалары Германия Канцлерінің бұл ұсынысына келісім берді. Екінші дүниежүзілік соғыстың нәтижелерін қайта қарауға бағытталған реваншистік талаптар Германияның билеуші топтарының ресми саясатының негізіне айналды. Аденауэр үкіметі елді ремилитаризациялауға бағыт алып, Кеңес Одағының 1952 жылғы 10 наурыздағы бейбітшілік туралы келісім ұсынысын қабылдамады. Ал 26 жылы 1952 наурызда ГФР мен Батыс державалары келісімге қол қойды, оған сәйкес Батыс Германияны басып алу тоқтатылды, бірақ АҚШ, Англия және Франция әскерлері оның аумағында қалды. Бірақ жұмысшы топтар Батыс Германияның ремилитаризация бағытына және монополиялық капиталды қалпына келтіру саясатына қарсы шықты. ГФР-дағы экономика мен саясаттын дамуы 60 жылдардын басында жақсы нәтижелерге қол жеткізді. Алайда, 60-жылдардын аяғында мемлекет дағдарысқа ұшырады.

1973 мамырда Брежнев ГФР ға саяси іс-сапармен барды. Бұл іс-сапардың нәтижесінде Кеңес Одағы мен ГФР арасында экономикалық байланыстардың дамуына серпін берді, мемлекеттерді жаңа деңгейге көтерді. Келісімнің шарты бойынша экономикалық өнеркәсіптік және технологиялық ынтымақтастықты 10жылдық мерзімге қол қойды. Бұл келісім халықаралық тарихта үлкен маңызға ие болды.

Кеңес Одағымен ГДР арасындағы бейбітшілікті нығайту мен демократиялық негізінде ұлттық бірлігін қамтамасыз ету бірінші орынға қойды.

Кеңес үкіметі Германия Демократиялық Республикасының Үкіметімен жүргізген келіссөздердің нәтижесінде:

1. Кеңес Одағы басқа да егемен мемлекеттермен бірдей қатынастарды орнатқандай ГДР мен тең дәрежеде қарым-қатынастар орнату керек болды.

Германия Демократиялық Республикасы өзінің ішкі және сыртқы істерін өз қалауы бойынша еркін шешетін болады.

2 Төрт державаның келісімдері бойынша КСРО-ға жүктелген міндеттемелер ГДР-дың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге байланысты функцияларды орындау. Потсдам конференциясының шешімі бойынша Кеңес әскерлері ГДР-дың аумағында уақытша сақталатын болды.

Германия Демократиялық Республикасы мемлекеттік органдарының қызметін бақылауға алды [4].

50 жылдардағы ГДР-дың маңызды міндеттердің бірі болып Германияны демократиялық жолмен біріктіру болды. 50 жылдардың басында неміс мәселесін бейбіт жолмен шешу бағдарламасы жарияланды. Келісім шарт бойынша Германияда еркін сайлау өткізу қарастырылды. Алайда, ГДР-дың ұлттық бірлікке бейбіт жолмен жету туралы ұсыныстарды ГФР қабылдамады. ГФР-дың НАТО-ға кіруі шарттардың өзгеруіне алып келді. 1957 жылы 27 шілдеде ГДР Германия конфедерациясын құруға ұсынды, яғни ГДР мен ГФР арасындағы мемлекеттік одақты біріктіруді мақсат етті.

ГДР дың Батыс Берлин мен ГФР шекарасының ашықтығына қарамастан 1961 жылға дейін социалистік құрылым сақталды. Батыс германдық милитаристері ГДР-дың экономикалық жағдайын әлсіретуді көздеді. ГДР-дағы инженерлер, дәрігерлер білікті мамандар батысқа көшу әрекеттерін бастады. 1961 жылы 13 тамызда Варшава шарты бойынша ГДР үкіметі Батыс Берлин мен ГФР шекарасында қатаң режим енгізді, ГДР мемлекеттік шекарасына қол сұғылмаушылықты қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдады (Берлинде қорғаныс шекарасы салынды және т.б.). Бұл шаралар империалистердің елдегі азаматтық соғысты жандандыруға себеп болды сонымен бірге олар Еуропада бейбітшілікті сақтау және нығайту үшін үлкен маңызға ие болды. 70-жылдардың басы ГДР-дың халықаралық аренадағы позициялары нығайды, ГФР-мен қатынастардың қалыпқа келтіру жұмыстары жүргізілді. 1972 жылы 21 желтоқсанда екі неміс мемлекеті арасындағы келісім қатынастары шартына қол қойды.

Берлин дағдарысы екіге бөлінген Германияның мәселеселелерін шешудің әртүрлін амалдарын қарастырды. Берлин дағдарысы әскери қақтығыстан сақтанды. Алдағы уақыттағы тарихтағы ең маңызды оқиға болып Германияның бірігуі болды. Мемлекеттің бірігуі қырғи-қабақ соғыстың аяқталуының айқын көрінісі болды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Павлов Н.В. Германия на пути в третье тысячелетие. Пособие по страноведению. – М., 2001. – 76 с.
2. Гриневский О. Берлинский кризис 1958-59 гг. Заметки дипломата // Звезда. – 1996. – № 2. – С.134-135.
3. Заболотный В.М. Новейшая история стран Европы и Северной Америки: конец XX – начало XXI века: Учебное пособие для студентов. – М., 2004. – 381 с.
4. Хрестоматия по новейшей истории. В 3 томах. Редактор: А. Гофман. – М., 1961. – 253 с.

XX ғ. 90 – ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫТАЙ ЖӘНЕ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ АРАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ НОРМАТИВТІ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ: МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ АЛАТЫН ОРНЫ

**Стамбулов С.Б., PhD, қауымдастырылған профессор,
Бөпіш Н.Н., магистрант**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,
Қарағанды қ.

ҚХР-дың Орталық Азия аймағына қатысты ұстанымы және сыртқы саясаты жөнінде бірқатар пікірлер қалыптасқан. Мысалы, отандық зерттеушілердің басым көпшілігі Қытайды гегемон ретінде санап, Қытайдың Орталық Азияға қатысты сыртқы саяси ұстанымдарын аймақ елдерінің ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп тұрғысында бағаласа, батыс елдерінің сарапшылары аталған аймақты Қытай, Ресей және АҚШ сияқты әлемдік державалардың қызығушылықтары тоғысқан алаң ретінде көреді. Қытайлық зерттеушілер болса Орталық Азия аймағын Қытайдың сыртқы саясатындағы маңызды орынға ие аймақтардың бірі тұрғысынан қарастырып, Еуропа мен Қытайды жақындастыратын аймақ ретінде бағалайды. Осы тұрғыдан алғанда, XX ғасырдың 90 жылдарындағы Қытай мен Орталық Азия мемлекеттері арасындағы ынтымақтастықтың қалыптасуы мен дамуына ықпал еткен халықаралық келісімшарттарды зерттеудің маңызы бар. Өйткені, 90 жылдардағы екіжақты келісімшарттардың Орталық Азия аймағы мен Қытайдың қауіпсіздік саласындағы ұстанымдарына тікелей әсері бар.